

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 21 ақпандағы № 85 қаулысы.

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 15-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2019 жылы:

1) "Астана" Президенттік кәсіби спорт клубы" корпоративтік қорын қаржыландыруды;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі арқылы дене шынықтыруды және спортты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев